

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 ақпандағы N 88 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 қарашадағы N 1054 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2008 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 ақпандағы N 88 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 4, 46-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2008 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірі 37-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 67-2-жолмен толықтырылсын:

| | | | | | | |
|--------|---|-----|--------|--------|-----------|-------------|
| "67-2. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ТЖМ | Маусым | Қараша | Желтоқсан | В.В. Петров |
|--------|---|-----|--------|--------|-----------|-------------|

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*